

МАШИНАЛЫҚ АУДАРМАНЫҢ АДАМ АУДАРМАСЫН БАСЫП ОЗУЫ МҮМКІН БЕ?

Құмарбек Н. Қ., Талғатова М. Т.

Жетекші: Абдрахманова Т. М.

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен қаласы

E-mail: mतालगतова8@gmail.com

Бүгінгі күнгі аудармашылар және аудармашы болғысы келетін студенттер үшін өзекті болып табылатын сұраққа жауап іздестіріп көрдік. Техниканың дамуымен байланысты робот- техникалар адамдарды алмастырып жатыр. Осы жақын болашақта аудармашылардың орнын толығымен басады деген машиналар неге қабілетті? Машиналар жылдамдық бойынша адамдардан еш күмәнсіз алда болғанымен, олар сапа бойынша әлдеқайда артта екенін салыстыру арқылы көрдік.

Тірек сөздер: Аударма, аудармашы, машиналық аударма, бағдарлама, түпнұсқа мәтін, аударылған мәтін

Мы искали ответы на вопрос, который сегодня актуален для переводчиков и студентов, желающих стать переводчиками. Робототехника, связанная с развитием техники, вытесняет людей. На что способны машины, которые в этом ближайшем будущем полностью вытеснят переводчиков? Мы видели, сравнивая, что, хотя машины без сомнения опережают людей по скорости, они намного отстают по качеству.

Ключевые слова: Перевод, переводчик, машинный перевод, программа, исходный текст, переведенный текст

We were looking for answers to a question that is relevant today for translators and students who want to become translators. Robotics, associated with the development of technology, displaces people. What are the machines capable of that will completely displace translators in this near future? We have seen by comparing that, although cars are undoubtedly ahead of people in speed, they are far behind in quality.

Key words: Translation, translator/interpreter, machine translation, program, original text, translated text

Ең алғаш Google Translate бағдарламасын қолданған кезіңіз есіңізде ме? Бұндай машиналар адамдарға ешқашан жете алмайды деп ойлаған едік. Енді, міне қызық, ойлағанымызға қарсы келетін тақырыпты талдағалы отырмыз. Уақыт өткен сайын ғылым мен техника дамуда, инновациялар арқасында машиналар да ойламаған деңгейге жетуде. Осыған орай біздің жасап отырған жұмысымыздың мақсаты- аудармашы мен машина арасындағы айырмашылықтарды анықтап, салыстыру. Осы мақсатымызға жету үшін мынандай міндеттерді орындадық: аудармаға байланысты әдебиеттерді қарастыру, машина мен адам аудармасын салыстыру, аударма тарихына көз жүгірту. Тақырыптың өзектілігі: аудармашы ретінде біз үшін бұл тақырып маңызды болып табылады, себебі, келешекте адам аудармасы машиналық аударманың көлеңкесінде қалып кетеді деген ой бізді толғандырады. Зерттеу әдістері ретінде бақылау және салыстыру тәсілдерін қолдандық.

Аударма ұғымына тереңірек үңілетін болсақ, С.Б. Белединскаяның айтуы бойынша, аударма дегеніміз адамның рухани іс- әрекетінің тілдік делдалдыққа бағытталған ерекше түрі, яғни тілдік әртүрлілікпен байланысты жеке қарым- қатынастағы кедергілерді жеңу. Ежелгі дәуірден бастап аударма әрқашан әлемдік мәдениеттің даму тарихында және жеке халықтардың даму тарихында маңызды рөл атқарды. «Аударма» сөзі жалпыға белгілі, жалпы қолданылатын және түсінікті тілдік бірліктердің қатарына жатады. Алайда, ғылыми білімге тән термин ретінде қолданатын болсақ, ол нақтылауды және де ғылыми анықтаманы


кажет етеді. Мысалға, орыс ғалымы Р.К. Миньяр- Белоручев берген анықтама бойынша: аударма- бұл психикалық акт түрінде жасалған және бір бастапқы тілде пайда болған сөйлеу туындысы аударма тілінде қайта жасалатын процесс. Аударманың арқасында тілаларлық коммуникация мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Бұл дегеніміз, аударма толықтай жүзеге асуы үшін аудармашы бастапқы мәтін авторы мен оқырмандардың ерекшеліктерін ескере отырып, олардың білімі, тәжірибесі, сондай- ақ адамдардың аударманы қабылдау ерекшеліктері және аударма процесінің барысы мен нәтижесіне әсер ететін тілаларлық қарым- қатынастың барлық басқа аспектілеріне жете мән беруі қажет. [С.Б. Белединская; Курс общей теории перевода, 2010.-230б]

Машиналық аударма өз бастауын «Джорджтаундық эксперименттен» алады. 1954 жылдың қаңтарында алғашқы машинамен іске асқан аударма баршаға көрсетілді. ИБМ-701 деп аталған алғашқы аударма машинасында тек 250 сөзден тұратын сөздік, 6 грамматикалық ереже және бірнеше жеңіл фраза ғана болғанына қарамастан бұл эксперимент көпшіліктің назарына ілікті. Көптеген дамыған елдер өз зерттеулерін бастады. Бұл жайлы Computers and Automation [1954, №2] журналында жарияланды. Қазіргі таңда, автоматты аудармаға байланысты барлық зерттеулер мен тәжірибелерден кейін аударманың бұл түрі адамдар үшін қолайлы әрі тиімді құралға айналды. Бұл автоматты аударма қызметтері елестете алмайтын жылдамдықпен жұмыс жасайды және де демалуды қажет етпейді. Мысалға алатын болсақ, ең танымал бағдарламалар- Google Translate және Яндекс Переводчик, күніне жүз миллиардтан астам сөзге аударма жасай алады. Автоматты оқытудағы инновациялардың арқасында машиналық аударма барған сайын адамды алмастыра алатындай деңгейге жақындап келеді.

Бірақ, қазіргі заманғы барлық бағдарламалау тілдерінің негізі болып табылатын ағылшын тілі үшін де бүгінгі күнге дейін білімнің үлкен салаларына байланысты сөйлемдерді жеткілікті түрде түсінетін жүйелік бағдарламаларды ойлап табу мүмкін болған жоқ екенін атап өтуіміз керек. Машиналық аударманың бүгінгі беделіне қарамастан, технология бәрібір аудармашы ешқашан жол бермейтін қателіктер жіберуге бейім болып келеді, әсіресе мәтін ұзақ әрі күрделі кезде. Біз бұны дәлелдеу үшін, мынандай салыстыру жұмыстарын жүргізіп көрдік. Артур Конан Дэйлдің «Шерлок Холмстың басынан кешкен оқиғалары» шығармасынан үзінді алып, Яндекс Переводчик автоматты аудармасына салып көрдік. Көріп отырғанымыздай, аударма мінсіз шықпады (1 сурет).

1 сурет. Автоматты аударма

Аударылған мәтінге көз жүгіртсек, грамматикалық жағынан, пунктуация және сөздік жағынан көптеген қателіктерді байқай аламыз. Онымен қоса, мәтіннің мағынасы мүлдем ашылмады. Аударма сапасы төмен деңгейде болды. Салыстыру ретінде дәл осы оригинал мәтінді (2 сурет) өз күшімізбен аударып көрдік (3 сурет).



"My dear fellow," said Sherlock Holmes as we sat on either side of the fire in his lodgings at Baker Street, "life is infinitely stranger than anything which the mind of man could invent. We would not dare to conceive the things which are really mere commonplaces of existence. If we could fly out of that window hand in hand, hover over this great city, gently remove the roofs, and peep in at the queer things which are going on, the strange coincidences, the plannings, the cross-purposes, the wonderful chains of events, working through generations, and leading to the most outra results, it would make all fiction with its conventionalities and foreseen conclusions most stale and unprofitable.

2 сурет. Оригинал мәтін

Шерлок Холмс, оның Бейкер-стриттегі пәтерінде каминнің жанында отырғанымызда: «Қымбатты досым, өмір адам қиялы жасай алатын кез келген нәрсемен салыстырғанда таңқалдырарлық», - деді. – Шындығында, мүлде өте қарапайым болып табылатын көп нәрселерді ойламас едік. Егер сіз екеуіміз қол ұстасып терезеден ұшып, осы алып қаланың үстінде қалықтап, үйлердің шатырларын жай ғана көтеріп қарай алсақ, болып жатқан көптеген ерекше заттармен, ұрпақтар бойы өзіне жол салған таңғажайып сәйкестіктермен, ойлармен, түсінбеушіліктермен, түсініксіз оқиғалармен салыстырғанда мүлдем керемет нәтижелерге келетін едік, бұл барлық ойдан шығарылған бос сөз оның шарттылықтарымен, алдын-ала анық қорытындысымен бірге қарапайым және ұсақ-түйек болып көрінетін еді.

3 сурет. Аударылған мәтін

Аударма барысы машиналық аудармаға қарағанда біраз уақыт алды. Дегенмен, аударма сапасы жоғарырақ екенін анық айта аламыз. Автоматты аудармада болған қателіктер қайта орын алған жоқ. Алып отырған мәтініміз көркем әдебиет жанрында болғандықтан автоматты аудармаға көбінесе осы типті мәтіндер қиындық туғызады.

Көркем әдебиет аудармасы- әлемді игеруге, адамзаттың ұжымдық жадын кеңейтуге және шекаралар мен кедергілерді жоюға мүмкіндік беретін көркем мәтіндердің аудармасы. Аударманың бұл түрінде түпнұсқа мәтінінің пішінін, мазмұнын, құрылымын және эстетикалық әсерін сақтау өте маңызды. Ең алдымен көркем аударма мен техникалық аударманың аражігін ажыратып алған жөн. Көркем аударманың өзіне тән бірқатар ерекшеліктері бар. Көркем аударманың бірінші және ең айқын белгісі – сөзбе-сөз еместігі. Көркем аударманың дәлдік өте маңызды болып табылатын техникалық аудармадан айырмашылығы -дәлдікті қажет етпейтін өте еркін аударма. Көркем аударманың екінші маңызды қасиеті – оның аударылатын мәтіннің ерекшеліктерімен байланысы. Көбінесе көркем мәтінді аударатын аудармашы фразеологиялық бірліктермен және фразеологиялық тіркестермен жұмыс істейді, олар дәл аударылған кезде мәтіннің мағыналық жүктемесін көрсетпейді, сондықтан мәтін қай тілге аударылып жатыр, сол тілде баламасын табу керек. Көбінесе аудармашы каламбурмен жұмыс жасайды. Сөз ойыны немесе каламбур – басқа тілге аударуға қарсы келетін әзіл-оспақтың ерекше түрі. Бұл жағдайда аудармашы аударылған мәтіндегі сөздермен «ойнауы» керек. Яғни, аудармашы аударылып отырған мәтіннің аударып жатқан тілде де күлкілі және түсінікті болуы үшін аударма тілінде түрлендіру жасайды. Бұл көркем аударманың қиын жағы болып табылады. Көркем аударманың үшінші ерекшелігі – аударманың тұлғалық сипаты. Нағыз көркем аударманы жазу қабілеті бар аудармашы ғана жасай алады. Шынында да, көбінесе көркем аудармада бұл мәтінді оқығаннан кейін оқырманда қалатын сезімдерге қарағанда аударма мәтінінің дәлдігі соншалықты маңызды емес. Аударылған мәтін оқырманда түпнұсқадай сезім мен

алаңдаушылықтар тудыруы керек. Көркем аударманың төртінші ерекшелігі – белгілі бір дәуір стилін міндетті түрде сақтау және мәдени ерекшеліктерді сақтау. Аудармашы әуелі мәтінді танып білуі, сол немесе басқа өнер туындысының қай дәуірге жататынын зерттеуі керек. Мысалы, Құраннан алынған үзінділер мен арабтардың күнделікті өмірінен сөзбе-сөз аударуға болмайтын өрнектерге толы шығыс авторларының шығармаларын аудару қиындық тудыруы мүмкін. [Brian Nelson, Brigid Maher; Perspectives on Literature and Translation, 2016, 876, 2446]

Осыған байланысты машиналық аударманың басқа да кемшіліктерін атап өтейік: біріншіден, автоматты аударма аудармашы мен оның зерттеу қабілеттерін ешқашан алмастыра алмайды. Машиналық аударма керекті аударма жобаларымен байланысты болмаса немесе адаммен тексеріліп отырмаса, немқұрайлы және ұқыпсыз болуы мүмкін, Аудармашы адамдар мәтіннің түпкі мағынасын түсіну үшін тереңірек үңіле алады және дұрыс аудару жолы жайлы нақты шешім қабылдай алады. Екіншіден, машиналық аударма жоғары приоритетті контентті аударуға шамасы келмеуі мүмкін. Егер сіз конверсия және маркетинг саласын қарастыратын болсаңыз, мазмұны жағынан барынша түсінікті және нақты болуыңыз керек. Себебі, потенциалды сатып алушы сіздің құжаттарыңыздан дәлсіздікті байқайтын болса, жұмысты аяғына дейін жеткізетіндей сіздің компанияңызға сенімділік білдіре алмайды. Үшіншіден, машиналар әлі контекстті толығымен қабылдай алмайды. Аудармашы адам мазмұнның мағынасын дәл аудару және дәйекті түрде жеткізу үшін визуалды контекст және түрлі лингвистикалық ресурстар сияқты құралдарды пайдаланады. Жасаған тәжірибелік жұмысымызды ескере отырып, машиналық аударманың уақыт бойынша адам аудармасына қарағанда тиімдірек болғанымен, сапа жағынан оза алмайтынын дәлелдей аламыз.

Қортындылай келе айтатынымыз: машиналық аударма революциялық технологияның бір түрі ретінде аударма саласындағы реформалар мен трансформациялардың бастауын белгіледі. Ол сөздік сәйкестігі бар ерте машиналық аудармадан корпус негізіндегі статистикалық компьютерлік аудармаға дейін, содан кейін соңғы жылдардағы негізгі технология ретінде жасанды интеллектпен нейромашиналық аудармаға дейін үш кезеңнен өтті. Жасанды интеллект дәуірінде нейромашиналық аударма машиналық аудармада үлкен жетістіктерге жеткенімен, аударманың кейбір мәселелері толығымен шешілген жоқ. Тіл жанды зат ретінде контекст пен дискурсқа байланысты үнемі өзгеріп отырады. Машиналық аудармадағы әртүрлі ақауларға байланысты оның кемшіліктерін жою үшін бұл мақала мысалдар арқылы мәселелерді талдайды және жаңа машиналық аударма үлгісін, сонымен қатар адам аудармасын және оның қолданбаларын ұсынады. Жасанды интеллект дәуірінде терең білім алуға қабілетті компьютерлер адамдармен бірге жұмыс істейді, аудармалар жоғары тиімділікпен және сапалы түрде орындалады.

Ағымдағы тұрғыдан алғанда, машиналық және адам аудармасының өздерінің қолданбалы сценарийлері мен қызметтері бар. Мысалы, машиналық аударма тәулігіне ондаған миллион аудармаларды орындай алады және оның жаңа терминология параметрлерін тез сіңіру қабілеті адам аудармашылары үшін қиын. Бұл, әсіресе, ресми немесе үлгі тілі қолданылатын аймақтарда тиімді. Аудармашылардың тұлға аралық түсіністігі және анық емес семантиканың интеграциясы қысқа мерзімді перспективада машиналық аударма үшін оңай міндет емес. Қазіргі уақытта, үлкен корпусстардың пайда болуымен және терең оқыту мүмкіндіктері бар машиналық аударма бағдарламалары жетілгендіктен, көбірек компаниялар тиісті машиналық аударма өнімдерін немесе қызметтерін шығаруда және нарық жаңартылып жатқан соңғы технологиялармен өте бәсекеге қабілетті. Қазіргі трендке сүйене отырып, егер машиналық аударма мен адам аудармасы бір-бірін шынымен толықтыра алса, аударма қызметінің тиімділігі мен сапасы айтарлықтай артады. Аударма технологиясы саласындағы зерттеулердің болашақ бағыты бірнеше зерттеу әдістерінің, қосымша артықшылықтардың және адам аудармасы модельдерінің үйлесімі болуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. С.Б. Белединская; Курс общей теории перевода [2010, 126, 2306]
2. Computers and Automation [1954, №2]
3. Arthur Conan Doyle; Adventures of Sherlock Holmes Chapter 3 "A Case of Identity" [1892, 656, 3136]
4. Brian Nelson, Brigid Maher; Perspectives on Literature and Translation [2016, 876, 2446]

ӘОЖ 82-1/-9

<https://doi.org/10.53355/i9491-8329-9902-f>

**ФОЛЬКЛОРДЫ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ОЙ-ӨРІСІНЕ ӘСЕРІ**

Қыдырханова А., 1-курс магистранты

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: almira.kydyrkhanova@mail.ru

Мақалада қазақ әдебиетіндегі фольклордың алатын орны мен оны оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялардың түрлері қарастырылды.

Тірек сөздер: фольклорды оқыту, инновациялық технологиялар, педагогикалық технологиялар

В статье рассмотрено место фольклора в казахской литературе и виды инновационных технологий, используемых в его преподавании.

Ключевые слова: фольклорное обучение, инновационные технологии, педагогические технологии.

The article examines the place of folklore in Kazakh literature and the types of innovative technologies used in its teaching.

Keywords: folklore education, innovative technologies, pedagogical technologies.

Ата-бабаларының өмірін, олардың мәдениетін қалпына келтіруге және сақтауға деген ұмтылыс барлық халықтарға тән. Халықтың рухани өмірі тұтас, халық өткен туралы білімсіз өмір сүре алмайды. Халық – жасампаз. Әр халықтың да өз тарихы мен мәдениеті, өз тарихының шежіресі, өз мәдениетінің асылы тәрізді көркем әдебиеті бар. Қазақ халқының біршама мол сақталған әдеби мұрасы – фольклор сан ғасыр сынынан өтіп, халық көкірегінде жатталып, біздің дәуірімізге жеткен ауыз әдебиет мұрасы. Сондықтан да асыл мұрамызды сақтап, ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп, олардың ой – өрісіне жеткізу біздің міндетіміз.

Халықтық әдебиетті зерттеу жалпы халықтың мәдениетін дамытудағы алғашқы және қажетті қадам болып табылады. Бұл алғашқы қадам оқушыларды туған халқының ойлау қабілетімен таныстыруға мүмкіндік береді, ежелгі қазақтардың адам өміріндегі сөздің маңыздылығын ашады, жазбаша әдебиетті саналы қабылдауға дайындалуға көмектеседі. Бастауларға жүгіну мәдениетті дамуда көруге, қалай өмір сүргенін, тіліміз бен мәдениетіміздің алғашқы өкілдері не туралы ойлағанын білуге көмектеседі.

Өкінішке орай, фольклор ғылымын мектепте жеке пән ретінде оқуға мүмкіндік жоқ, сондықтан ауызша халық шығармашылығын зерттеу мұғалімнен мұқият әзірленген сабақ циклін талап етеді, олардың әрқайсысы алдыңғы және кейінгі сабақтармен тығыз байланысты. Бұл байланысты сабақтан сабаққа ғана емес, сыныптан сыныпқа дейін де байқауға болады. Мысалы, мақал – мәтелдерді оқушылар бастауыш сыныптан бастап